

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 26 қыркүйектегі N 1280 қаулысына толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1995 жылғы 5 желтоқсандағы N 1664

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Мемлекет мұқтажы үшін 1995 жылдың егінінен сатып алынатын астықтың бағасы туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 26 қыркүйектегі N 1289 қаулысы мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын:

"3. "Мемлекеттік ресурсқа 1995 жылдың астығын сатып алуды қамтамасыз ету туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 21 наурыздағы N 309 қаулысымен (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1995 ж., N 9, 111-бап) белгіленген жағдайда оларға жасалған шарттармен мемлекет мұқтажы үшін 1995 жылдың егінінен күріш, тары, арпа, сұлы, қара бидай, қарақұмық пен жүгері астығын сатып алу бағасы тауар өндірушілерден "Астық" акционерлік қоғамы сатып алу барысында осы қаулының 2-қосымшасында көзделген баға деңгейінің 80 проценті мөлшерінде белгіленсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі